

"1998 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 3 сәуірдегі N 3894 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 376

"1998 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 3 сәуірдегі N 3894 U983894_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігіне республикалық бюджеттен 1998 жылға арналған бюджеттік ұйымның шығыстарының сметасына сәйкес репатрианттар (оралмандар) отбасыларының шетелдік мемлекеттерден Қазақстан Республикасына ұйымдасқан түрде көшіп келуі жөніндегі шығындарды қаржыландыруға қаражат бөлуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, облыстардың Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері:

1998 жылдың ішінде белгіленген квотаның шегінде репатрианттар (оралмандар) отбасыларының шетелдік мемлекеттерден Қазақстан Республикасына көшіп келуін ұйымдастырсын;

шетелдік мемлекеттерден Қазақстан Республикасына көшіп келген репатрианттардың (оралмандардың) отбасыларын қабылдау, жайластыру жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын;

Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасына түпкілікті тұру үшін көшіп келген репатрианттарды (оралмандарды) әлеуметтік қамтамасыз ету, оның ішінде зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау мәселелерін шешсін;

Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен бірлесіп репатрианттардың (оралмандардың) көшіп келуін және жайластырылуын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері репатрианттардың (оралмандардың) отбасын қабылдауға және жайластыруға, сондай-ақ бейімделу пункттерін ұстауға арналған шығыстарды жергілікті бюджеттерден қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

репатрианттар (оралмандар) отбасыларының ересек еңбекке қабілетті мүшелерін олардың біліктілігі мен мамандығына сәйкес жұмыспен қамту жөнінде, сондай-ақ оларды қажетті мамандықтарға даярлау және қайта даярлау жөнінде шаралар қабылдасын;

репатрианттарға (оралмандарға) уақтылы бір жолғы жәрдемақылар төлеуді, көлік шығыстарын өтеуді, тұрғын үй алуын қамтамасыз етсін. Белгіленген тәртіппен оларға тұрғын үйлер құрылысы және шаруашылық қызметтері үшін жер учаскелерін бөлсін;

репатрианттарға (оралмандарға) кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға, ұлттық кәсіптерін жаңғыртуға, фермерлік және шаруа қожалықтарын ұйымдастыруға жәрдемдесін;

репатрианттардың (оралмандардың) балаларын жергілікті бюджеттегі білім беру мекемелерінде тегін оқытуды және тәрбиелеуді, сондай-ақ қажет болған жағдайда қосымша сыныптар мен мектептер ашу арқылы ересек адамдарды хат тануға, қазіргі кездегі қазақ емлесіне оқытуды ұйымдастырсын;

бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігіне репатрианттардың (оралмандардың) отбасыларын жинақы қоныстандыру үшін аудандардың, елді мекендердің тізбесін ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Көші-қон және демография жөніндегі агенттігімен бірлесіп:

шет мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдарымен тарихи отанына оралуға тілек білдірген отандастарымыздың азаматтық және мүліктік құқықтарын қорғау жөніндегі мәселелерді пысықтасын;

дипломатиялық арналар бойынша тиісті мемлекеттердің үкіметтерімен тиісті мемлекеттер арқылы өтуі кезінде оларға жәрдем көрсету туралы, репатрианттардың (оралмандардың) шығуы және транзиттік өтуі мәселелері жөнінде өтініш жасасын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының аумағында қызмет істейтін авиакомпаниялар Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігімен, облыстардың, Алматы қаласының және астананың әкімдерімен бірлесіп, адамдар мен олардың үй мүлкін шығу мемлекетінің аумағынан қоныстану пунктіне дейін тасымалдаудың тәртібін белгілесін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті қажет болған жағдайда қосымша уақытша кеден бекеттерін ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ТМД-ға кірмейтін мемлекеттерден келген репатрианттарды (оралмандарды) шекаралық ресімдеу үшін қажет болған жағдайда уақытша бақылау-өткізу пункттерін ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі: репатрианттардың (оралмандардың) Қазақстанның аумағындағы бағыты жолында және орналасқан жерлерінде жеке басының және мүліктік қауіпсіздігін; келген репатрианттарды (оралмандарды) уақытылы тіркеуді және республиканың аумағында тұруы мен жүріп-тұруына арналған құжаттарды ресімдеуді; Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес түпкілікті тұруға рұқсат алған және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға тілек

білдірген адамдардың қажетті құжаттарын ресімдеуді қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі:

республикаға келген репатрианттарды (оралмандарды) медициналық тексеруді ұйымдастырсын;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкестігін ескере отырып қоныс аударушылар шетелде алған білімі туралы құжаттардың тең бағалылығын тануды қамтамасыз етсін. Қажет болған жағдайда кәсіптік оқу орындарында ауыспалы оқу жоспары мен қысқартылған мерзімдер бойынша қосымша оқытуды ұйымдастырсын.

10. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп 1999 жылдың 10 ақпанына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалуы туралы ақпарат ұсынысын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі